

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы N 186 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 1 қараша N 1647

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 U000395_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің мемлекеттік 2000-2001 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бақылауға жататын есірткілік заттар, психотроптық құралдар

және прекурсорлар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы N 186

P980186_

қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар туралы";

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында бақылауға жатпайтын есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың шағын мөлшерін қамтитын көп компонентті дәрі-дәрмек препараттарының тізімі (3-қосымша).";

қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы:

I-кестеде:

A бөлімінде:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. АЦЕТИЛДЕНДІРІЛГЕН АПИЫН

Апиынды ацетилдендіру жолымен алынатын, құрамында есірткілік белсенді алкалоидтар, оның ішінде морфин, кодеин, тебаин бар өнім және оларды ацетилдендіру өнімдері: әртүрлі қатынастардағы ацетилкодеин, моноацетилморфин, диацетилморфин"

;

37-тармақ "кокаин гидрохлоридінен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. КӨКНӨР САБАҒЫ (POPPY STRAW)

Тұқымдары мен тамырларын қоспағанда, құрамында есірткілік белсенді алкалоидтар (морфин, кодеин, тебаин) бар кез келген тәсілмен жиналған Ұйықтататын көкнәр түріндегі өсімдіктердің кез келген түрі мен сортындағы өсімдіктің барлық бөлігі";

мынадай мазмұндағы 42-1 және 42-2-тармақтарымен толықтырылсын:

"42-1. 0-3-МОНОАЦЕТИЛМОРФИН

(3-Monoacetylmorphine, 3-0-Acetylmorphine) - ацетилдендірілген апиынды құрайтын негізгінің бірі ретінде жиі кездесетін морфинді толық ацетилдендірмеу өнімі;

42-2. 0-6-МОНОАЦЕТИЛМОРФИН

(6-Monoacetylmorphine, 6-0-Acetylmorphine) - ацетилдендірілген апиынды құрайтын негізгінің бірі ретінде жиі кездесетін морфинді толық ацетилдендірмеу өнімі";

60-тармақ "тетрагидроканнабинолдан тұратын" деген сөздермен толықтырылсын;

72-тармақ алынып тасталсын;

В бөлімінде 37 және 38-тармақтар алынып тасталсын;

II-кестедегі:

А бөліміндегі:

17-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 55-1-тармақпен толықтырылсын:

"55-1. ЭКСТРАКЦИЯЛЫҚ АПИЫН

Құрамында апиынды алкалоидтар, оның ішінде есірткісі күшті морфин, кодеин, тебаин бар Ұйықтататын көкнәр түріндегі апиын шикізатынан немесе сабағынан әртүрлі еріткіштермен ажыратып алу жолымен алынатын өнім";

III-кестедегі:

В бөлімінде:

екінші абзацта:

"(құрамында кемінде 0,01 г. тұратын белсенді зат бар)" деген сөздер

"сондай-ақ өндірілетін бензодиазепин және барбитур қышқылынан тұратын көп

компонентті дәрілік препараттар, тиісті бір дозадағы бір тамшы мөлшердегі кемінде 0,01 г. бір терапевтік дозадағы - таблеткадағы, ампуладағы белсенді заттар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 1 қарашадағы
N 1647 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 наурыздағы
N 186 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасында бақылауға жатпайтын құрамында есірткі,
психотроптық заттар мен прекурсорлардың мөлшері шағын көп
компонентті дәрілік препараттардың
Тізімі

р/с	Дәрілік препараттың атауы	Бір дозадағы мөлшері	Бір дозадағы эфедрин мөлшері
-----	---------------------------	----------------------	------------------------------

1	"Андипал" N 10	0,02	
2	"Беллатаминал" N 10 ("Белласпон" N 10)	0,02	
3	"Бронхолитин" 125 мл (10 терапиялы доза)	0,01 - бір мәрте қабылдау дозасы - 0,01	

4	"Валокордин" 20 мл, 50 мл (тиісінше: 50 және 125 терапиялық доза)	20 тамшыда - 0,007 мөлшері 0,4 1,0		
<hr/>				
5	"Диафеин"	0,02		
<hr/>				
6	"Корвалол" 20 мл, (50 терапиялық доза)	20 тамшыда - 0,007 мөлшері 0,36		
<hr/>				
7	"Панадеин" N 10	0,025		
8	"Пенталгин" N 10	0,01	0,01	
9	"Пираминал"	0,02		
10	"Седалгин" N 10	0,01	0,025	
11	"Солпадеин" N 10	0,008		
12	"Спазмoverалгин" N 10	0,015	0,02	0,005
13	"Тетралгин" N 10	0,01		
14	"Эфатин" аэрозоли			0,05

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.